

"Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының мамандандырылған әскери мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жеке адамның атын беру туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2026 жылғы 24 ақпандағы № 37 қаулысы

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және Республикалық ономастика комиссиясының 2026 жылғы 15 қаңтардағы қорытындысы негізінде Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының мамандандырылған әскери мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Бауыржан Момышұлының есімі берілсін.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Жамбыл облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін оның Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жамбыл облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл облысының әкімі

Е. Қарашөкеев

Жобаны ұсынушы:

Жамбыл облысы әкімдігінің
білім басқармасы басшысының м.а. Ж.
Атенов